

2020-2022 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 2-48 с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 5771 болып тіркелді.

Ескерту. 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 18 тармағымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020-2022 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 5 813 370 мың теңге:
 - салықтық түсімдер – 340 001,1 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 14 710,8 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 6800 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 5 451 858,1 мың теңге;
- 2) шығындар – 6 016 610,2 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 138 078,3 мың теңге:
 - бюджеттік кредиттер – 161 327,3 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 23 249 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:
 - қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 341 318,5 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 341 318,5 мың теңге:
 - қарыздар түсімі – 339 535,3 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу – 23 249 мың теңге;
 - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 25 032,2 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 03.09.2020 № 2-60 с (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) ; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 18.11.2020 № 2-63 с (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2020 жылға арналған аудандық бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеген жеке тұлғалардан облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша алынатын жеке табыс салығы;

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

бірыңғай жер салығы;

мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығын қоспағанда, көлік құралдары салығы;

тіркелген салық;

мыналарға:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге (мүгедектер үшін арнайы арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздер;
жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;
қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;
қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым;

сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

3. Аудандық бюджеттің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасуы белгіленсін:

коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;

ауданның коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

аудандық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптасуы белгіленсін:

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Облыстық бюджеттен және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінен берілетін трансферттер аудандық бюджетке трансферттер түсімдері болып табылатын қалыптасуы белгіленсін.

6. Аудандық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның жергілікті атқарушы органының қарыздарын өтеуден түсетін түсімдер аудандық бюджеттің есебіне жатқызуы белгіленсін.

7. Аудандық бюджетке облыстық бюджеттен берілетін субвенциялар 3 209 182 мың теңге сомасында қарастырылсын.

8. Осы шешімге 4-қосымшаға сәйкес 2020 жылға арналған аудандық бюджетті атқарылуы процесінде секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалары бекітілсін.

9. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер көзделсін.

Осы тармақтың күші ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына қолданылады.

10. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2020 жылға резерві 15 825 мың теңге көлемінде бекітілсін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 03.09.2020 № 2-60 с (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) ; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 18.11.2020 № 2-63 с (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

11. Ауылдық округтердің бюджеттеріне аудандық бюджеттен берілетін субвенциялар 5-қосымшаға сәйкес сомасында қарастырылсын.

12. Алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 03.09.2020 № 2-60 с (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. 2020 жылдың аудан бюджетінің шығындарында 451.007.000 "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша 6-қосымшаға сәйкес мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек белгіленсін.

14. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер ескерілсін, соның ішінде:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;
- 2) мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға;
- 3) техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтуге;
- 4) ақпараттық жұмысқа;
- 5) жалақыны ішінара субсидиялауға;
- 6) көшуге субсидиялар беруге;
- 7) жастар практикасына;
- 8) тұрғын үйді жалға алу (жалдау) және коммуналдық шығындарды өтеуге;
- 9) жұмыс берушілерге субсидияларға;
- 10) қоныс аударушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттарға;
- 11) халықты әлеуметтік қорғау мемлекеттік ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге;
- 12) мектепке дейінгі білім беру мемлекеттік ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 13) мектепке дейінгі білім беру мемлекеттік ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 14) орта білім беру мемлекеттік ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 15) орта білім беру мемлекеттік ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 16) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және мұрағат мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және мұрағат мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге ;
- 17) жұмыс күші артық өңірлерден қоныстанғандар үшін тұрғын үйді сатып алуға;
- 18) қоғамдық жұмыстарға;
- 19) әлеуметтік кепілдік жиынға;
- 20) "Көктерек-Тоспа-Жасқайрат-Қайрат" KTUL-100 аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын орташа жөндеуге;
- 21) "Қулықөл-Қаратал" KTUL-341 аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының шайып кеткен бөлігін орташа жөндеуге;

22) Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеуге.

Аталған республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Аудандық маслихат шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 16.06.2020 № 2-55 с (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету шараларын жүзеге асыруға арналған бюджеттік кредиттер ескерілсін.

16. 2020 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, соның ішінде:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің ұзақтығы күнтізбелік 42 күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын 56 күнге дейін ұлғайтуға;

2) білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайындағы жұмысы үшін бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақыға;

3) мектеп педагог-психологтерінің айлықақыларының мөлшерін ұлғайтуға;

4) жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін қосымша ақы төлеуге;

5) магистр дәрежесі бар мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

6) жас мұғалімдерге тәлімгерлігі үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

7) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін ұйымдардың қызметкерлеріне сынып жетекшілігі үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға;

8) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін қызметкерлерге дәптерлер мен жазба жұмыстарын тексергені үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайтуға;

9) орта білім беретін ұйымдардың педагог қызметкерлерінің ұзақтығы 42 күнтізбелік күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын 56 күнге дейін ұлғайтуға ;

10) білім беру объектілерін бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етуге;

11) оқулықтарды сатып алуға және жеткізуге;

12) спорттық ұйымдар қызметкерлерінің жалақысын ұлғайтуға;

13) аудан мектептеріне автокөлік сатып алуға;

14) аудан мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға (жиһаз, спорт жабдықтары);

15) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75-жылдығына арналған мерекелік іс-шараларды өткізуге;

16) алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеуге;

17) эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге;

18) Кішкенекөл ауылындағы "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Аудандық мәдениет Үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының төбесін ағымдағы жөндеуге;

19) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "Чернигов орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін күрделі жөндеуге;

20) аудан ауылдарының тұрғын үйлеріне су өткізу үшін су айдауыш мұнара құрылысына жобалау сметалық құжаттама әзірлеуге;

21) жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарына жол белгілерін сатып алуға және орнатуға;

22) контейнерлер сатып алуға;

23) білім беру порталының қызметтеріне ақы төлеу үшін;

24) мал шаруашылығы базасына су және электр жүйелерімен жабдықтаудың сыртқы инженерлік желілерін салуға;

25) Кішкенекөл ауылы, Абай көшесі №65а мекенжайдағы жатақхана ғимаратын барлық инженерлік- коммуникациялық инфрақұрылымы енгізілен тұрғын үй етіп қайта құрылымдауға;

26) аудан елді мекендеріндегі көше жарықтандырылуын ағымдағы жөндеуге.

Аталған сомаларды бөлу Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы "Аудандық маслихат шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 03.09.2020 № 2-60 с (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) ; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 18.11.2020 № 2-63 с (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

17. 2020 жылға ауылдық округтердің бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер 7-қосымшаға сәйкес берілуі ескерілсін.

17-1. 8-қосымшаға сәйкес аудандық бюджетте қаржылық жылдың басында 25 032,2 мың теңге сомасында қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтары есебінен шығыстар қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 17-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 13.03.2020 № 2-51 с (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

17-2. Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін 9-қосымшаға сәйкес ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 17-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 13.04.2020 № 2-53 с (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

18. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов аудандық
мәслихаты сессиясының
төрағасы

К. Жантлеуов

Уәлиханов аудандық
хатшысы

Б.Кәдіров

Уәлиханов аудандық
мәслихатының
2019 жылғы 25 желтоқсандағы
№2-48с шешіміне
1-қосымша

2020 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 03.09.2020 № 2-60 с (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) ; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 18.11.2020 № 2-63 с (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты			Атауы	Сомасы, мыңтенге
Сыныбы				
	Кіші сыныбы			
1			2	3
			1) Кірістер	5813370
1			Салықтық түсімдер	340001,1
	01		Табыс салығы	4300
		2	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	4300
	03		Әлеуметтік салық	216628
		1	Әлеуметтік салық	216628
	04		Меншікке салынатын салықтар	55201
		1	Мүлікке салынатын салықтар	49652
		3	Жер салығы	391
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2147
		5	Бірыңғай жер салығы	3011
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	61872,1
		2	Акциздер	1600
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	57101,1

	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3171
08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2000
	1	Мемлекеттік баж	2000
2		Салықтық емес түсімдер	14710,8
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	4775,6
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	4747
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	28,6
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1035,2
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1035,2
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	8900
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	8900
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6800
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2100
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2100
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	4700
	1	Жерді сату	4700
4		Трансферттердің түсімдері	5451858,1
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	0,4
	3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, аулдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	0,4
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5451857,7
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5451857,7
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мыңтеңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
1		2	3
		2) Шығындар	6016610,2
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	298708,3
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	18304
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18304
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	111007

	001	Аудан (облыстықмаңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	103445
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7562
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1222,8
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	507,3
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	715,5
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	49403,1
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	31222
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	18181,1
475		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	40058
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығы мен ветеринарияны дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40058
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	78713,4
	001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23288
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	55425,4
02		Қорғаныс	12311,1
122		Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппараты	6580,1
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6580,1
122		Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппараты	5731
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	2429
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	3302
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6509
	495	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6509
	019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	6509
04		Білім беру	3558549,8
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	437282

	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	197124
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	240158
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2845626
	003	Жалпы білім беру	2813932
	006	Балаларға қосымша білім беру	31694
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) денешынықтыру және спорт бөлімі	71145
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	71145
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	204496,8
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іскеасыру жөніндегі қызметтер	15183
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	37890
	015	Жетімбаланы (жетімбалаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	6003
	023	Әдістемелік жұмыс	17338
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	15882
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	112200,8
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	341645,6
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	57291
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	57291
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	15185
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	15185
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	218226,6
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	117442,1
	007	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	26876,5
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	608
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	38825
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	34475
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	50943
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	35437

	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1276
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	14230
07		Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	748109,2
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	58500
	070	Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу	58500
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	10731,7
	024	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	10731,7
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	178208
	026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	178208
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	463495
	007	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	101000
	008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	9055
	098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	353440
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	23643,5
	016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	643,5
	058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	23000
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13531
	031	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	13531
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	212439,7
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	48319
	009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	48319
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) денешынықтыру және спорт бөлімі	18980
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11107
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	5033

	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	2840
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13073,4
	021	Спорт объектілерін дамыту	13073,4
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	57391,8
	005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	8380
	007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	48783
	008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	228,8
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	74675,5
	001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20957
	004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	13076
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5600
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	35042,5
10		Ауыл, су, орман, балықшаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	66759,6
475		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	32355,8
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	650
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	300
	013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	7206
	047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	24199,8
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	14449
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14449
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	19954,8
	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	19954,8
12		Көлік және коммуникация	521400,9
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	519388,9
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	11964

	034	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	504231,1
	045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	3193,8
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2012
	039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	2012
13		Басқалар	29124
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13299
	055	"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	13299
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15825
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	15825
14		Борышқа қызмет көрсету	30,8
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	30,8
	021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	30,8
15		Трансферттер	221022,2
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	221022,2
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	2047
	038	Субвенциялар	207702
	054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	11273,2
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	138078,3
		Бюджеттік кредиттер	161327,3
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	105656,3
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	63822
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	63822
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	41834,3

		088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	41834,3
10			Ауыл, су, орман, балықшаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	55671
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	55671
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	55671
Санаты			Атауы	Сомасы, мыңтеңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	23249
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	23249
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	23249
			4) Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 341318,5
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитінпайдалану):	341318,5
7			Қарыздар түсімі	339535,3
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	339535,3
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	339535,3
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мыңтеңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
16			Қарыздарды өтеу	23249
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	23249
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	23249
Санаты			Атауы	Сомасы, мыңтеңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	25032,2
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	25032,2
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	25032,2

Уәлиханов аудандық
мәслихатының 2019 жылғы
25 желтоқсандағы № 2-48 с
шешіміне 2-қосымша

2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
	Кіші сыныбы			
1			2	3
			1) Кірістер	3394772
1			Салықтық түсімдер	379551
	03		Әлеуметтік салық	212569
		1	Әлеуметтік салық	212569
	04		Меншікке салынатын салықтар	81054
		1	Мүлікке салынатын салықтар	74385
		5	Бірыңғай жер салығы	6669
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	83876
		2	Акциздер	1642
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	79002
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3232
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2052
		1	Мемлекеттік баж	2052
2			Салықтық емес түсімдер	8694
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6026
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5489
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	24
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	513
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2668
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2668
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	3078
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1026
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1026
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	2052
		1	Жерді сату	2052
4			Трансферттердің түсімдері	3003449
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3003449
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3003449
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы , мың теңге
